



### АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Бала асырап алудың жаңа ережелері күшіне енді

5

12+

ӘКІМ

# АЛМАТЫ АУАСЫ

## Шаһар басшысы бақылауды күшейтуді тапсырды

**М**егалолисте атмосфералық ауаның ластануын азайту шаралары күшейтіледі. Бұл туралы қала әкімі Дархан Сатыбалды экология мәселелері жөніндегі кеңесте мәлімдеді.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес, Алматы агломерациясындағы жылдық шығарындылар көлемі 225,2 мың тонна, оның 189 мың тоннасы Алматы қаласына тиесілі. Ластанудың негізгі көзі автокөліктерде – шамамен, 60%. Бұдан кейін энергетика нысандары, өнеркәсіп кәсіпорындары, жеке сектор мен құрылыс саласы келеді.

Қала басшысы барлық шығарынды көздеріне, соның ішінде көлік пен бизнеске бақылауды күшейтуді тапсырды. Қайталанатын заңбұзушылықтар кезінде айыппұлмен шектелмей, қызметті уақытша тоқтатуға дейінгі қатаң шаралар қолдану қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, тұрғындар мен кәсіпкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Газға көшу, сүзгі жүйелерін орнату және экологиялық талаптарды сақтау жүйелі түрде жүзеге асырылуға тиіс.

Негізгі тетік ретінде Алматы қаласында атмосфералық ауаны қорғау қағидаларын іске асыру көзделіп отыр. Осы жұмыстар аясында төмен эмиссиялы аймақтар (LEZ) кезең-кезеңімен енгізіледі.

Қалада сондай-ақ, қоғамдық көлікті экологияландыру және қоршаған орта сапасын жақсартуға бағытталған көгалдандыру жұмыстары жалғасады.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

# ПЕРЗЕНТТІК ПЕЙІЛ

1,5 мыңға жуық алматылық ауқымды сенбілікке қатысты



6-7

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:





## ● ПРЕЗИДЕНТ

# БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Мемлекет басшысы Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасын қабылдады

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке агенттік қызметінің негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде баяндалды.**

Жанат Элимановтың айтуынша, бюджет шығыстарына жүргізілген мониторинг кезінде мал шаруашылығы саласына бөлінген 30 миллиард теңге субсидияны тиімсіз пайдалану тәуекелдері анықталған. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған 10 миллиардтан аса теңгені мақсатсыз жұмсау белгілері айқындалды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатын жымқыру фактілері бойынша 14 сотқа дейінгі тергеу басталған, ал құрылыс саласында 5,3 миллиард теңгені заңсыз иемденбек болған жандарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекет басшысына алаяқтық әре-

кеттердің алдын алу бойынша 17 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны және банктер мен байланыс операторларының атын жамылып, арнайы құрылғылар арқылы жаппай фишингтік SMS-хабарламалар таратқан топ әшкереленгені жөнінде есеп берілді. Жалпы аудиториясы 25 мыңнан асатын 3,7 мың алаяқтық сайт және 22 топтық чат жабылған. 400-ден астам жалған құрылыс компаниясының заңсыз түрде бірінші санаттағы лицензия алуына жол берілген жоқ.

Бұдан бөлек, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес саласында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Атап айтқанда, заңсыз схемаларда қолданылған дроп-карталарға қатысты 14



(Дереккөз: akorda.kz)

сотқа дейінгі тергеу басталды, олардың есепшотындағы қаржының жалпы айналымы 13 миллиард теңгеден асқан. «Көлеңкедегі» тұлғаларға рәсімделген 68 мыңнан астам карта бұғатталған. Жалған компаниялар мен құжаттарды пайдалану фактілері бойынша 23 іс тіркелген, келтірілген залал – шамамен 13 миллиард теңге. Қаржылық пирамидалар, онлайн-казино және алаяқтықтан түскен табысты жылыстатумен айналысқан 3 жасырын криптоайырбастау қызметінің жолы кесілді. Криптовалюта айырбастауға қатысты заңсыз онлайн сервистерге кіруге арналған 483 сілтеме жойылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттіктің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

Еске сала кетейік, 2026 жылы Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элиманов екінші рет Президенттің қабылдауында болды. Бұған дейін, 12 қаңтарда Президентке ведомствоның 2025 жылы атқарған қызметінің басты нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берген.

Атап айтқанда, қаржы саласы бойынша тіркелген қылмыстық істердің жай-күйі, заңсыз кірісті жылыстатуға қарсы және өзге де қызмет нәтижелері жайлы баяндаған. Осылайша бюджет қаржысы мен заңсыз қаржы айналымына қарсы әрекет Мемлекет басшысының қатаң бақылауында.

**Әзірлеген  
Пердехан ШӘМШИЕВ.**

## ● ҮКІМЕТ

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

Түсіндіру жоспары бекітілді

**Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.**



(Дереккөз: akorda.kz)

Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Құжат Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Негізгі Заң ережелерінен туындайтын заңнамалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоспар үш бағыт бойынша 36 іс-шараны қамтиды: ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және Конституцияның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету.

Атап айтқанда, ұйымдастырушылық іс-шаралар аясында Конституция мәтінін басып шығару және тарату, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген форматта әзірлеу. Конститу-

ция электронды платформаларда орналастырылады.

Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ақпараттық-көрнекі безендіру, тақырыптық материалдар шығару, көрме және ағартушылық жобаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыру ісіне көңіл бөлінуде. Жоспарға оқыту семинарлары мен білім беру іс-шараларын өткізу, мектеп және ЖОО бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, «Құқық негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстарын, әдістемелік материалдар мен балалар басылымдарын әзірлеу кіреді.

Ақпараттық-түсіндіру жү-

мыстары аясында бірқатар іс-шаралар мен кешенді медиа-жоспар әзірленді.

Конституцияның жүзеге асырылуын құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде заңнамалық шараларды іске асыру, қолданыстағы заңнаманы талдау, Негізгі Заңның нормаларын ескере отырып, стратегиялар мен тұжырымдамаларды өзектендіру шаралары бөлек қарастырылған.

Жалпы, Жоспар Конституция нормаларын халық арасында кеңінен түсіндіруді және еліміздің Негізгі Заң ережелерінің толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

## ● «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

**Алматы тұрғындары «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» жобасы аясында заң жағынан тегін көмек ала алады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз жиынында мәлім болды.**

## ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒАЙ БІЛ!

Алматылықтарға тегін көмек қолжетімді



**Гүлжанат  
СЕМБАЕВА**

Жоба негізінде қалада заңгерлердің жедел тобы жұмыс істейді, барлық ауданда көшпелі кеңес өтеді, қоғамдық орындарда құқықтық нүктелер мен жедел желі де іске қосылады. Бұған қоса дайын құжат үлгілері бар чат-бот та жұмыс істемек.

Бастаманың жетекшісі Айгерім Қадырқұлова жобаның мүмкіндігі туралы айтып берді. Оның айтуынша, мақсат – құқықтық сауаттылықты арттырып, заңға бағынатын мәдениет қалыптастыру.

Жоба заң көмегін барынша қолжетімді етуге бағытталған. Қалада заңгерлік жедел топтар жұмыс істейді, барлық ауданда көшпелі кеңес өткізіледі, сондай-ақ қоғамдық орындар мен аулаларда құқықтық нүктелер мен тұрғындармен кездесу де ұйымдастырмақшы. Жедел желі мен чат-бот та ашылған, онда өтініш, шағым мен басқа да құжаттың үлгісін алуға болады.

«Біз халықтың құқықтық сауатын арттырып, заңға бағынатын мәдениет қалыптастыруды мақсат етіп отырмыз. Қазір құқықбұзушылықтың едәуір бөлігін әдейі емес, заңды білмегеннен істеп жатыр. Адамдар өз құқығын түсіне бермейді. Заңды білетін адам заң бұзбайды. Құқығы бұзылса, өзін заңды түрде қорғай алады. Қандай әрекеттің заңды екенін, көмек алу үшін қайда жүгіну керектігін түсіну саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті спикер.

Жобаға мемлекеттік органдар, Қоғамдық кеңес мүшелері мен заңгерлік қауымдастық өкілдері қатысады. Мұндай тәсіл заңгер мен адвокат кеңесінен бастап, медиақияға дейін жан-жақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Заң жағынан тегін көмекті 8 747 104 76 69 телефоны арқылы алуға болады. Барлық өтініш тіркеліп, талданады, бұл ең жиі кездесетін мәселелерді анықтап, қайталама сұраныстар санын азайтуға мүмкіндік бермек.



# АЛМАТЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІ

**Шаһар арнаулы экономикалық және индустриялық аймақты қарқынды дамытуда. Қазіргі күні олардың толымдылығы 90%-дан асты. Индустриялық аймақтың екінші кезеңіндегі учаскелердің шамамен, 80%-ын инвесторлардың жобаларына арнап қойған. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов мегаполистің экономикалық әлеуетін айқындайтын осы және өзге де жетістіктерін баяндап берді.**



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

деңгейлі автотұрақ салынып жатыр. Такси аймағы ретке келтіріліп, іргелес аумақ көркейтіледі. Жоба бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылады.

Олжас Смағұловтың айтуынша, қазіргі күні негізгі жұмыстар 2028 жылға дейін жоспарланған бірінші кезең аясында жүргізіліп жатыр. Жобаның жалпы инвестиция көлемі – 362 млн. АҚШ доллары.

## Азық-түлік инфляциясы

Алматыда 2026 жылы қаңтар-наурыз қорытындысы бойынша азық-түлік инфляциясы 3,1% болды. Бұл көрсеткіш республика бойынша орташа деңгейге (2,9%) жақын. Ал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы салыстырмалы түрде төмен қарқынмен өсуде.

• «Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының өсімі небәрі 0,9% болды, бұл орташа республикалық деңгейден төмен. Біз сүт, ет және бакалея өнімдері бойынша келісімшартқа алынған өнім көлемін екі есе арттыру үшін қосымша 8 млрд. теңге бөлдік. Сонымен қатар, шекті сауда үстемесі аясында сөрелердегі бағаны тұрақтандыру үшін ірі сауда желілерімен және жеткізушілермен жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр», – деді Олжас Смағұлов.

Қалада демалыс күндері өтетін жәрмеңкелерді дамытуға және өндірушілерден өнімді тікелей жеткізуге ерекше назар аударылып отыр.

• «Биыл мыңнан астам жәрмеңке өткізу жоспарланып отыр. Бұл былтырғы көрсеткіштен 2,5 есе көп. Фермерлерден тікелей жеткізілетін өнімдер орташа нарықтық бағадан 5–15%-ға арзан сатылуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қала тұрғындары үшін қолайлы болу мақсатында заманауи дизайн-дағы, автотұрағы мен санитарлық тораптары бар коммуналдық жәрмеңкелердің жаңа форматтары жасалып жатыр», – деді спикер.

## Жәрмеңке алаңдары – сәулеттік стильде

Олжас Смағұлов Алматыда демалыс күндері өтетін жәрмеңкелерді заманауи форматқа көшіру арқылы жаңғырту жұмыстары басталатынын айтты. Ол Бостандық және Әуезов аудандарында қолға алынады. Жоба аясында инфрақұрылымды жаңарту, сондай-ақ сатып алушылар мен кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау көзделуде.

Жаңғырту аясында жәрмеңке алаңдары қаланың дизайн-кодына сәйкес бірыңғай сәулеттік стильде рәсімделеді. Жобада жабық және ашық сауда павильондары, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген санитарлық торап, автотұрақ, аялдама кешендері, қоғамдық тамақтану орындары мен көріктендірілген қоғамдық кеңістіктер қарастырылған.

• «Пилоттық жоба ретінде «Қазақфильм» шағынауданындағы жәрмеңке алаңы таңдалды. Бұл аумақта шамамен, 100 сауда орны орналастырылып, сауда павильондары жаңартылып, айналасы көркейтіледі. Жұмыстарды биылғы мамырда аяқтау жоспарланып отыр. Қайта жаңарту кезеңінде жәрмеңке уақытша сол аумақтағы автотұрақта жұмыс істейді», – деді спикер.

Алдағы уақытта коммуналдық жәрмеңкелер желісін қаланың барлық ауданын қамти отырып кеңейту жоспарланған. Жобалар жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жәрмеңкелердің әлеуметтік сипаты сақталады: кәсіпкерлер мен жергілікті өндірушілер үшін қолайлы шарттар ұсынылады, қазіргі қатысушыларға сауда орындары бекітіледі.

Жаңартылған нысандар пайдалануға берілгеннен кейін жәрмеңкелерді басқару және ұсынылатын бағаның сақталуын «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ бақылайды.

зауытын салу, Freedom Data Centers деректерді өңдеу орталығы, фармацевтикалық кәсіпорындар, Beta International тамақ өндірісі, сондай-ақ Wildberries ірі логистикалық орталығын ашу да бар.

• «Маңызды жобалардың бірі – «ПИТ «Алатау» арнаулы экономикалық аймағында салынатын Freedom Data Centers компаниясының деректерді өңдейтін осы заманғы орталығы. Нысан халықаралық сенімділік пен энергия тиімділігі стандартына сай болмақ. 480 серверлік тіректі орналастырып, 130 жаңа жұмыс орнын ашады. Жоба кезең-кезеңімен іске асады: бірінші кезеңі биыл аяқталса, екіншісі 2027 жылы бітеді. Бұл – Алматының өңірлік IT-хаб ретіндегі позициясын нығайтады», – дейді Олжас Смағұлов.

Спикердің айтуынша, машина жасау мен автокөлік өнеркәсібі де қарқынды дамып келеді. Индустриялық аймақта жылына 80 мың автокөлікке дейін өндіретін, инвестиция көлемі шамамен, 100 млрд. теңгені құрайтын Orbis Manufacturing автозауытын, сондай-ақ жылына 10 млн. тежегіш жүйелері жиынтығын шығаратын Xianghe Zichen Auto Parts зауыты салынып жатыр. Бұл жобалар 1600-ден астам жаңа жұмыс орнын ашып, өңірдің экспорттық әлеуетін арттырады деп отыр сарапшылар.

Фармацевтика саласындағы жобалар да қарқын алған. «ПИТ «Алатау» АЭА аумағында «АлТИНФАРМ» компаниясының иммунобиологиялық препараттар мен онкологиялық аурулар және қант диабетін емдеуге арналған дәрілер өндіретін зауыт салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, түркиялық Nobel компаниясы белсенді фармацевтикалық ингредиенттер мен дайын дәрілік өнімдер шығаратын кешен ашпақ. Бұл жобалар 250-ден астам жаңа жұмыс орнын ашып, әлеуметтік маңызы бар дәрілік заттар өндірісін кеңейтеді.

Сондай-ақ, Алматыда логистика мен тамақ өнеркәсібі де дамып келеді. Күзде ауданы 100 мың шаршы метрден асатын Wildberries ірі логистикалық тарату орталығын ашу жоспарланып отыр. Онда шамамен, 4 мың жұмыс орны құрылады. Индустриялық аймақта 30 млрд. теңге инвестициямен шай, кофе, шоколад пасталары мен снэк өнімдерін шығаратын Beta International кәсіпорны бой көтеріп келеді.

## Әуежай авиациялық хабқа айналады

Алматыда Қазақстан тарихындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Халықаралық әуежайды жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылып жатыр. 2050 жылға дейін есептелген Horizon жобасы аясында әуежайдың келбеті түбегейлі жаңарып, терминалдар жаңғыртылады. Жолаушылар қабылдау әлеуеті артып, заманауи сервистер енгізіледі. Соның нәтижесінде Алматы әуежайын өңірдегі жетекші авиациялық хабтардың біріне айналдыру көзделіп отыр.

Жоба аясында ішкі рейстер терминалының өткізу қабілеті жылына 3 млн.-нан 7 млн. жолаушыға дейін ұлғаяды. Сонымен қатар, 1500 орынды жабық көп-

Нұржамал  
Әліш

## Заманауи шешімдер

Спикердің айтуынша, жер қоры шектеулі болғандықтан қала инвестиция тартудың неғұрлым тиімді түріне көше бастаған.

• «Әкімдік бөлінген әр гектар жерге кемінде 3 млрд. теңге инвестиция тартылуы тиіс деп, нақты инвестициялық жоспар құрды. Біздің міндет – жоғары қосылған құны бар, осы заманғы жұмыс орындарын ашатын жоғары технологиялық өндірістерді тарту», – деп атап өтті Олжас Смағұлов.

Қазір Индустриялық аймақтың екінші кезеңін іске асыру үшін жұмыс қызу жүріп жатыр. Биыл жыл соңына дейін немесе келер жылдың басында 196 гектар аумақта инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы аяқталады деген болжам бар. Қазірдің өзінде учаскелердің шамамен, 80%-ын ірі инвестициялық жобаларға арналып резервке қойылған.

Бизнес тарапынан жоғары сұранысты ескере отырып, Индустриялық аймақты кеңейтудің енді үшінші кезеңі пысықталуда. Ол аумақты қосымша 393 гектарға ұлғайту көзделген. Жер сатып алу мен дайындау жобасын іске асыру 2026–2028 жылға межелеңіп отырған көрінеді.

Сонымен қатар, шағын өнеркәсіптік парктерді дамыту үшін жаңа тәсілдер енгізіле бастады. Жаңартылған талаптарға сәйкес, олар екі қабатты форматта және бірыңғай сәулеттік стильде салынатын болады. Сондай-ақ, салалық жіктеу енгізіліп, түстік аймақтарға бөлу жағы да қарастырылған.

Бұдан бөлек, «Алатау инновациялық технологиялар паркі» арнаулы экономикалық аймағын дамыту жалғасып жатыр. Инвесторлар ерекше қызығып отырғандықтан оның аумағын кеңейтіп, 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін белгіленген мерзімін әлі де ұзарту тәсілі ойластырылуда.

Сондай-ақ, басым қызмет түрінің тізімі кеңейтіледі: қолданыстағы 33 бағытқа қосымша тағы 12 бағыт қосылады. Олардың қатарында білім беру, ұшқышсыз технология, ғылыми әзірleme мен медиаөндіріс бар. Бұл алаңның инвестициялық тартымдылығын арттырып, Алматының инновациялар мен технологиялар орталығы ретіндегі позициясын күшейтуге мүмкіндік бермек.

## Логистика және фармацевтика

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов шаһарда машина жасау, IT, фармацевтика, логистика мен тамақ өнеркәсібін қамтитын жалпы құны 1,2 трлн. теңгеден асатын ауқымды инвестициялық жобалар да сәтті жүзеге аса бастағанын атап өтті. Олардың қатарында Orbis Manufacturing автозауытын іске қосу, Xianghe Zichen Auto Parts автокомпоненттер



(Сурет: Алматы әкімдігі)



# «ЖҰБАНОВ ЖАҚҚАН ЖҰЛДЫЗДАР»

## Мегаполистегі мерейтой қалай өтті?

**Қаламызда көрнекті композитор Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына орай «Жұбанов жаққан жұлдыздар» атты Қазақ камералық хорының гастрольдік концерті өтті. Іс-шараның дайындығы мен маңызы туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.**



Дана  
БОЛАТҚЫЗЫ



Концерт Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының үлкен залында өтті. Оны Ғазиза Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясы ұйымдастырды.

Филармония директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрғиса Дәуешовтің айтуынша, концерт өткізу өңірлер арасындағы мәдени ынтымақтастықты дамытып, елдің біртұтас музыкалық кеңістігін нығайту бағытында істеліп жатқан жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана екен.

«Аталған концерт – біздің филармония мен өңірлік мәдениет мекемелері арасындағы стратегиялық әріптестіктің айқын көрінісі. Мұндай жобалар бірлескен шығармашылық бастамаларды жүзеге асыруға ғана емес, кәсіби тұрғыда тәжірибе алмасып, ұлттық музыкалық мектептің сабақтастығын қамтамасыз етуге де сеп болары сөзсіз», – дейді Нұрғиса Дәуешов.

Ғ.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының директоры Дина Ниязова да гастрольдердің ұлттық өнерді насихаттаудағы маңызын атап өтті.

«Алматылық көрерменге қазақ хор өнерінің үздік үлгілерін ұсынып, Ахмет Жұбановтың еліміздің кәсіби музыкалық мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесін тағы бір мәрте көрсету біз үшін үлкен мәртебе», – деп қосты ол.

Қазақ камералық хоры мен Ақтөбе филармониясы ұжымының Алматы сахнасында өнер көрсетуі ұрпақ сабақтастығы мен Ахмет Жұбанов мұрасының қазіргі академиялық музыка үшін өзекті екеніне дәлел болды.

Кеш бағдарламасында Жұбановтың хор шығармалары, сондай-ақ оның дәстүрін жалғастырған қазақстандық композиторлардың туындылары қатар орындалды. Бұл жолғы концерт жоғары орындаушылық шеберлікпен, көркемдік мәнерлілікпен және айқын ұлттық нақышпен ерекшеленді. Хордың көркемдік жетекшісі, дирижер Мербол Құспановтың айтуынша, жоба классикалық мұраны сақтауға ғана емес, хор өнерін кең аудиторияға, әсіресе, өскелең ұрпақ пен жастарға таныта түсуге де бағытталған.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл концерт көктемдегі маңызды мәдени оқиғаның біріне айналып, академиялық музыка мен ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылықты арттыра түсті.



«Tumar Tunes»:

# Дәстүрлі өнер мен тың формат

**Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінде өткен «Tumar Tunes» студенттік оркестр концерті көрерменге ерекше әсер сыйлады. Музыка мен шығармашылық үйлескен кеш жастардың өнерге деген қызығушылығы мен ізденісін айқын көрсетті.**



Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

Сахнада ҚБТУ, АЭБУ, «Нархоз», ҚазБСҚА және SDU студенттері бір оркестр құрамында бас қосып, тың форматтағы бағдарлама ұсынды. Қазақтың дәстүрлі күйлері заманауи өңдеуде орындалып, оған қоса танымал саундтректер, классикалық туындылар мен рок бағытындағы шығармалар көрерменге жол тартты. Домбыра, қобыз, скрипка, гитара және барабан сынды түрлі аспаптардың үйлесімі кештің атмосферасын

айрықша әсерлі етті. Концертке жиналған көрермендер залдылық толтырып, әрбір номерді зор ықыласпен қабылдады.

Кеш тек музыкалық бағдарлама емес, маңызды мәдени дәстүрлермен де сабақтасты. Атап айтқанда, концерт ҚБТУ-дың 25 жылдығына, күйші Қаршыға Ахмедьяровтың 80 жылдығына, композитор Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына арналды. Сонымен қатар, жазушы Қабдеш Жұмаділов пен Илия Жақановтың 90 жылдығы, сондай-ақ опера әншісі Ермек Серкебаевтың 100 жылдығы да қамтылды. ҚБТУ-дың 4-курс студенті Әлібек Қайырханның айтуынша, бұл – «TUMAR» оркестрінің екінші концерті. Екі жыл ішінде ұжым айтарлықтай өсіп, тек домбырамен шектелмей, түрлі аспаптарды қамтыған кәсіби деңгейге көтерілген. Екі айлық дайындықтың нәтижесінде көрермен көңілінен шыққан жоғары деңгейдегі концерт ұсынылған.

Айта кетейік, «TUMAR» оркестрі – былтыр құрылған студенттік ұжым. Қысқа уақыт ішінде қатарын кеңейткен өнерпаздар бүгінде ұлттық музыканы заманауи форматта дамытып, оны жас буынға жақындатуды мақсат етіп отыр.

# Шебер қол, шексіз бақыт

## Шеф-аспаздар қауымдастығына – 20 жыл!

**Еліміздегі Шеф-аспаздар қауымдастығы 20 жылдық мерейтойын Алматыда атап өтті. Бұл – отандық гастрономияның дамуына, кәсіби шеберліктің артуына және халықаралық деңгейде танылуына қосылған зор үлестің айқын көрінісі.**



Дана  
САДЫРҚАН

Осы уақыт ішінде Қауымдастық еліміздің үздік шеф-аспаздарын біріктірген беделді алаңға айналды. Ұйым мүшелері түрлі халықаралық байқауға, форумдар мен гастрономиялық чемпионаттарға қатысып, Қазақстанның аспаздық өнерін әлемдік сахнада танытып келеді.

Қазақстан рестораторлар клубы Қауымдастығының қаржы директоры Ирина Лебедева іс-шараның маңызына тоқталып өтті:



– Мұндай кездесулер жыл сайын ұйымдастырылады, алайда биылғысы ерекше, себебі Қауымдастықтың 20 жылдығы аталып өтуде. Біздің аспаздар тек Қазақстанда емес, Италия, Франция сияқты елдерде өз өнерлерін көрсетіп жүр. Қытайдан арнайы келген аспаз да бар. Алматылық аспаз Серіктай қазіргі уақытта Қытайда жұмыс істеп, қазақтың ұлттық тағамдарын ұсынатын мейрамхана ашқан, – деді Ирина Лебедева.

Өз кезегінде Өзбекстан аспаздар қауымдастығының төрағасы, WICS Халал комитетінің төрағасы Акбар Омаров: «Әрбір ұлттық тағамды заман талабына сай бейімдеп, халыққа ұсына білу –



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



үлкен өнер. Сонымен қатар, жаңа өнімдер мен жаңа тағам түрлерін ойлап табудан жалықпау керек.

Ең бастысы – олардың пайдалы әрі сапалы болуына мән беру. Осы арқылы біз ұлттық асханамызды дамытып қана қоймай, оны әлемге таныта аламыз, – деген лебізін де білдірді.

– Біз – шығармашылық адамдармыз. Сондықтан бізге үнемі білім алу мен мотивация қажет. Әрдайым даму үстінде болуымыз керек. Алдағы уақытта Қауымдастықты одан әрі дамытып, жаңа мүшелермен толықтыру жоспарда бар. Сондай-ақ, өз тәжірибемді жас аспаздарға үйре-



туді мақсат етемін, – деп атап өтті Қазақстан шеф-аспаздар қауымдастығының президенті Александр Трегубенко.

Айта кетейік, Қауымдастықтың ерекше жетістіктерінің бірі – Дүниежүзілік шеф-аспаздар қауымдастықтары ұйымына (World Association of Chefs' Societies) мүше болуы. Бұл – отандық асхананың жоғары деңгейін мойындау ғана емес, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды қадам.

Мерейтой аясында өткен іс-шара соңында үздіктер марапатталып, бұл кәсіби қауымдастық өкілдері үшін ғана емес, гастрономия саласына қызығушылық танытқандарға да маңызды оқиғаға айналды.

20 жыл – тек уақыт өлшемі емес, тәжірибе мен табандылықтың, дәм мен дәстүрдің, кәсібилік пен жаңашылдықтың үйлескен жолы. Қауымдастықтың әрбір жетістігі – еліміздің гастрономиялық мәдениетін дамытуға қосылған баға жетпес үлес.



## ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

## АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Бала асырап алудың жаңа ережелері күшіне енді

ҚАЗАҚСТАНДА КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ БІРІТІНДЕП АЗАЙЫП КЕЛЕДІ.

2024–2026 жылдардағы деректер бойынша елімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны шамамен

20–21 мың

Отбасыларда тәрбиеленіп жатқандар (қамқоршылық, патронат, асырап алу)



82%

Балалар үйінде қалған балалар саны шамамен



3-4 мың

Соңғы 10 жылда интернаттағы балалар саны

65% ↓



БАЛА АСЫРАП АЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

Жаңа отбасын тапқан балалар саны

3000

Қазақстандық отбасыларда тәрбиеленудегі балалар саны

17 000

Асырап алу кезегінде тұрған балалар саны

7 000

БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ АЗАЮЫ:

Соңғы 3 жылда балалар үйі саны

138 ↓ 96

-ға дейін азайған



Тәрбиеленушілер саны

6223 ↓ 4254

-ке дейін төмендеген

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Қазақ халқы – қашан да жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған ел. «Жетім көрсең – жебей жүр» деген ұлағатты сөз – ұлттың қанында бар мейірім мен адамгершіліктің айқын көрінісі. Көшпелі өмір салтында бір ауылдың баласы – барша жұртың ұрпағы саналған. Сондықтан тағдыр тәлкегіне түскен сәбиді бөтенсімей, бауырына басып, өз баласындай тәрбиелеу – қазақты тәрбиенің алтын діңгегі іспетті.

Дана  
САДЫРҚАН

Бұл дәстүр бүгін де өз жалғасын тауып жатыр. Қазіргі қоғамда бала асырап алу – сол ізгі жолдың заңды әрі заманауи көрінісі. Яғни бұл тек әлеуметтік міндет емес, ата-бабадан жеткен аманатқа адалдықтың белгісі. Осы орайда, Қазақстандағы бала асырап алу талаптарының өзгергенін айта кету керек. Жаңа ереже 28 наурыздан бастап күшіне енді. Бұдан былай бала асырап алуда басымдық, ең алдымен, ет жақындарына, ал болмаған жағдайда заңды некедегі ерлі-зайыптыларға беріледі.

## Мейірім мен жауапкершілікке бастайтын жол

Бала асырап алу – ата-ана болуды армандаған жандар үшін берілетін мүмкіндік қана емес, әке қамқорлығы мен ана мейіріміне мұқтаж балдырғанға жаңа өмір, жаңа үміт сыйлау. Өзгенің жатырынан шыққан сәбиді өзекке теппеу – мейірімге негізделген зор жауапкершілік.

Заң жүзінде бөтен баланы өз отбасыңа қабылдап, туған балаңдай тәрбиелеу үшін бойдағы ізгі ниет жеткіліксіз, оған бүгінгі тілмен айтқанда арнайы моральдық, психологиялық және материалдық дайындық қажет.

Асырап алынған бала жаңа ортаға бейімделу кезінде түрлі қиындыққа тап болуы мүмкін. Сондықтан ата-ананың сабырлығы, түсіністігі мен махаббаты аса маңызды. Балаға ең қажет нәрсе – тұрақтылық пен қауіпсіздік сезімі екені айтпаса да белгілі жайт.

## Қазақстандағы бала асырап алу тәртібі

Қазақстанда бала асырап алу заңмен реттеледі. Жоғарыда талаптардың өзгергенін айттық. Бұрын басты қағидалардың қатарында кәмелет жасына толу, тұрақты

табыс көзінің болуы, азаматтың сотталмағандығы секілді негізгі критерийлер бар еді. Балашақ ата-аналар арнайы тіркеуден өтіп, қажетті құжаттарды жинап, психологиялық дайындықтан өтіп, олардың тұрмыстық жағдайы мен денсаулығы тексерілетін. Яғни денсаулық жағдайының талаптарға сай келуі – басты назарда болған.

Ал жаңа ережеге сәйкес қазір бұл талаптар сәл өзгерген. Біріншіден, бала асырап алушының тұрақты табысы болуы қажет. Екіншіден, тұрғын үйі, үшіншіден, денсаулығы бала тәрбиелеуге жарамды болуы керек. Төртіншіден, міндетті түрде психологиялық дайындықтан өтуі тиіс және өз еркімен одан бас тартқандарға тыйым салынады.

Кейінгі жылдары қоғамда бала асырап алуға деген көзқарас та өзгеріп келеді. Бұрын бұл тақырып жабық болса, қазір ашық талқыланып, қолдау артып отыр. Әлеуметтік желілер мен түрлі жоба арқылы асырап алған отбасылар өз тәжірибелерін ортаға салуда. Бұл үрдіс жетім балалар санының азаюына және олардың толыққанды отбасында өсуіне ықпал етеді.

Бала асырап алу – қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Осыған байланысты Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізетін заң жобасы әзірленді. 2025 жылдың басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев оны мақұлдап, құжат «Неке және отбасы туралы» Кодекске ресми түрде енгізілді.

Жаңа жүйе аясында қабылдаушы ата-аналар арнайы дайындықтан өтіп, кәсіби негізде жұмыс істейді. Оларға мемлекет тарапынан қаржылық қолдау

көрсетіледі: әрбір ата-анаға 70 АЕК және баланы асырауға 10 АЕК. Сондай-ақ, мұндай отбасыларға міндетті қолдау, оның ішінде құқықтық, әлеуметтік және психологиялық көмектер енгізіліп жатыр.

Өзгені өзімдікі деп бауырға басу – жүрепкен жасалатын шешім. Ол тек бір баланың өмірін емес, бүкіл отбасының тағдырын өзгертеді. Әрбір бала бақытты балалық шаққа лайық. Ал сол бақытты сыйлай алатын жандар көбейсе, қоғам да мейірлене түседі.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида РАХМЕТОВА,  
«Ұлттық бала асырап алу агенттігінің» басшысы:

## Асырап алушыларға талап қатал

«Ұлттық бала асырап алу агенттігі» – бұл Қазақстанда асырап алу мәдениетін дамытуға және кәсіби қабылдаушы отбасыларды қолдауға сегіз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан «Ана үйі» қорының маңызды бөлігі. Кәсіби қабылдаушы ата-ананың педагогикалық білімінің болуы – ең маңызды фактор емес. Тереңдетілген психологиялық диагностика мен оқыту маңыздырақ. Осы мақсатта біздің агенттік Кәсіби қабылдаушы ата-ана боламын деген үміткерлерге психологиялық талдау жүргізеді. Содан кейін тексерілген үміткерлер психологиялық дайындықтан өтіп, сертификат алады.

Кәсіби қабылдаушы отбасына түсетін балалардың мекемеге қатысы жоқ. Егер бала күтпеген жерден ата-анасының қамқорлығынсыз қалса, ол бірден мекемеге жеткізіл-

мей, кәсіби қабылдаушы отбасына орналыстырылады. Сол сәтте міндетті түрде ата-анасы және туыстарымен жұмыс жүргізіледі.

Алматыда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдауға бағытталған бастамалар қарқынды дамып келеді. Қазіргі уақытта

Қазақстанда 20 кеңес беру кабинеті жұмыс істейді, онда қор мамандары жетім балаларды отбасына қабылдағысы келетін азаматтарға көмек көрсетеді. Тек Алматының өзінде жоба іске қосылғаннан бері 2285 адам мамандардан кеңес алып, ал 818 азамат Қабылдаушы ата-аналар мектебінде дайындықтан өтті. Осы бағдарламаның нәтижесінде 105 алматылық отбасы 158 жетім баланы өз қанатының астына алды.

Айта кетейін, қабылдаушы ата-аналар қатаң іріктеуден өтеді, олардың мотивациясы мен дайындық деңгейін анықтау үшін диагностикалық сұхбат жүргізіледі. Сонымен қатар, олар Қабылдаушы ата-аналар мектебінде оқытылып, бала отбасына қабылданғаннан кейін тұрақты түрде мамандардың қолдауын алып отырады.

## БОЯМАСЫЗ

Анар ҚАРАБАЕВА,  
бала асырап алған ата-ана:

## Ана болу – сәбиді дүниеге әкелумен шектелмейді

Мен бұл шешімге бір күнде келген жоқпын. Көп ойландым. Иә, әуелде қорқыныш та, күмән де болды. «Мен жақсы ана бола аламын ба?», «Ол мені қабылдай ма?» деген сұрақтар жанымды мазалады. Бірақ балалар үйіне барғанымда, көзіме тік қарап тұрған кішкентай жанар менің бүкіл күмәнімді сейілтпін жіберді. Сол сәтте жүрегім «осы – менің балам» деп анық айтты. Меніңше, ана болу – жан жылуын беру, әр күніңді баланың бақытына арнау, түн ұйқыңды төрт бөліп, оның амандығын тілеу. Балам үйге келген алғашқы күн әлі есімде. Бейтаныс орта, бейтаныс адамдар... Ол да қорықты, мен де қобалжыдым. Бірақ уақыт өте келе біз бір-бірімізге үйреніп қана қоймай, бір-бірімізді өмірімізді елестете алмайтын күйге жеттік.

Әрине, оңай болған жоқ. Қоғамда түрлі пікір айтылады. Кейбіреулер түсінбейді, енді біреулер артық сұрақ қояды. Бірақ мен бір нәрсені анық білемін: бұл – менің ең дұрыс таңдауларымның бірі. Себебі, мен бір баланың тағдырын ғана өзгерткен жоқпын, өз өмірімді де мағыналы еттім. Қазір мен өзімді толыққанды ана сезінемін. Баламның күлкісі – менің бақытым, оның әр жетістігі – менің мақтанышым. Ол мені «ана» деп атаған сайын, жүрегім елжіреп, бұл өмірде одан асқан бақыт жоқ екенін сезінемін. Демек, ана болу – сәбиді дүниеге әкелумен ғана шектелмейді. Әр бала – бақытқа лайық. Ал сол бақытты сыйлау – сауап пен адамдық миссия.



**Шуақты көктемнің келуімен бірге Алматыда дәстүрлі талалық жұмыстары басталды. Алматылықтар өткен демалыс күндері ауқымды сенбілікке қатысып, өз қаласына деген сүйіспеншіліктерін нақты іспен көрсетті. «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен іс-шарада арық-атыздар тазарып, көшелер көркейе түсті. Игі іске зиялы қауым өкілдері, еріктілер және өзге де қала тұрғындары бір кісідей жұмылып, ортақ жауапкершілік пен экологиялық мәдениеттің жарқын үлгісін көрсетті. Шаһардағы ауқымды іс-шараға байланысты тілшілер топтамасын ұсынамыз.**



# ПЕРЗЕНТТІК ПЕЙІЛ

## 1,5 мыңға жуық алматылық ауқымды сенбілікке қатысты

(Басы 1-бетте).



атап өтті ұйым мүшесі Виктория Акулова. Аға буын өкілдері де игі істен шет қалған жоқ. Аталмыш акцияға «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қызметіне жүгініп жүрген азаматтар да үн қосты. Зейнеткерлер тек ағаш отырғызып қана қойған жоқ, замандарымен тілдесіп, бір жасап қалғанын да айтып отыр.

көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. 50 оқушыдан құралған домбырашылар ансамблі мерекенің ең әсерлі сәттерінің бірі болды.

Іс-шара аясында ұйымдастырушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақтың тәрбиесіне бағытталған мазмұнды орта қалыптастырды. Мерекеді сөз сөйлеген Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сәкен Аралбаевтың айтуынша, мектептен тыс өткізілетін осындай алаңдар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді.

Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері, ардагер ұстаз Аягул Миразова рухани тәрбиенің өзектілігін атап өтіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызын ерекше айтты. Ол балаға құндылықты сөзбен емес, нақты әрекет арқылы көрсету қажет екенін жеткізді.

Ал «Әлемнің үздік 50 мұғалімі» қатарына енген Татьяна Белоусова қазіргі білім беру тәсілдерінің өзгергеніне назар аударды. Оның пікірінше, бүгінгі оқушының ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне сай білім беру процесі де жаңаша бейімделуі тиіс.

Сонымен қатар, Алатау аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақмуразаева мұндай іс-шаралардың жүйелі түрде өткізіліп келе жатқанын атап өтті. Ал Қазақстанның Еңбек Ері Гүлжанар Нұрпейісова еңбек тәрбиесінің маңызын тілге тиек етіп, жауапкершілік пен тәртіптің бала кезден қалыптасуын жеткізді.

Мереке аясында экологиялық бағыт та қамтылып, «Тамырлас» жобасы шеңберінде «Тәлімгерлер аллеясының» ашылуы өтті.

– Бүгінгі жұмыстың бір кереметі – бізді бауырластыра түскенінде. Қазақ «Көз көріссе, көңіл ағарады» деген сөз бар. Мұндай іс-шаралар бірлігімізді нығайтып, еңбекке баулиды. Біз жерімізді таза ұстап, үлгі көрсетуіміз керек. Әркімнің өз шаңырағы болғанымен, Отанымыз бір, – деп түйіндеді қоғам қайраткері Асылы Осман.

Іс-шараның қоғамдық маңызын Бостандық ауданы әкімінің орынбасары да атап өтті.

– Біздің басты мақсатымыз – туған қаламызды абаттандыру. Бүгін біз жасыл желегіміз жайқалғанды деп тал ектік, жер тырмалап, қар ерігенде шыққан қоқыстарды тазаладық, – деді Мирас Зейнолдин.

Акция қорытындысы бойынша «Оңтүстік» саябағы мен оған іргелес жатқан жаяу жүргіншілер жолдары толық тазартылды. Қатысушылар «Таза Қазақстан» науқанының басты мақсатын іс жүзінде танытып, туған өлкесіне деген перзенттік пейілі мен азаматтық сезімін паш етті.

### Өнер мен өнеге тоғысты

Алатау ауданында Наурыз мерекесі кең ауқымда аталып өтті. «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында» өткен мерекелік іс-шара дәстүрлі концерт форматымен шектелмей, бірнеше бағытты қамтыған мазмұнды мәдени бағдарламаға ұласты.

«Армысың, әз-Наурыз!» композициялық қойылымымен басталған кеш әрі қарай әртүрлі шығармашылық нөмірлермен жалғасты. Сахнада домбыра, қобыз, скрипка және фортепиано сүйемелінде өнер көрсеткен вокалдық топтар мен би ұжымдары



Бұл бөлімде қонақтар мен қатысушылар ағаш отырғызу рәсіміне қатысты. Іс-шара барысында табиғатты қорғау, экологиялық мәдениет және қоршаған ортаға жауапкершілік мәселелері қозғалды.

Бағдарлама аясында қазақша күрес, арқан тартыс, тоғызқұмалақ және асық ату сынды ұлттық ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты. Мерекелік кештің қорытындысында «Наурыз Fest» аясында өткен жарыстар мен байқалардың жеңімпаздары марапатталды.

### Бірлік пен тазалық үндескен күн

Алатау ауданында Алматы қаласының Алатау ауданында Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) бастамасымен ауқымды сенбілік ұйымдастырылып, аудан тұрғындары ортақ іске жұмылды. Қоршаған ортаны қорғау, санитарлық тазалықты сақтау және қала келбетін жақсартуды мақсат еткен экологиялық іс-шара түркі өкілдерін де біріктірді.

Сенбілікке ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, еріктілер, жастар ұйымдары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері және аудан тұрғындары белсенді қатысты. Қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, белгіленген аумақтарды тазартты. Тұрғын үйлердің ауалары, ойын алаңдары, саябақтар мен скверлер, жол жиігі және қоғамдық орындар қоқыстан тазартылды. Әрі құраған ағаш бұтақтары кесіліп, жасыл желектерге күтім жасалды.

Алатау қаласы ҚХА және Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рустам Қайрыев Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Ассамблея жастары» мүшелерінің «Таза Қазақстан» акция-

сын тұрақты түрде қолдап келе жатқанын жеткізді.

– Біз апта сайын осындай сенбіліктер өткізуді жоспарлаймыз. Мысалы, Жастар Ассамблеясы Кіші Алматы өзенін қамқорлыққа алып, ай сайын «Жарқын тас» акциясын ұйымдастырады. Сонымен қатар, «Батареяны тапсыр – жердің саулығын сақта» атты акциямыз бар. Бір ғана қолданылған батареяға 20 шаршы метр топырақты және 400 литр суды ластанды. Сондықтан оларды арнайы орындарға өткізу өте маңызды. «Таза Қазақстан» акциясы бір реттік сенбілікпен шектелмей, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын ұзақ мерзімді бастама болуы тиіс, – деді Рустам Қайрыев.

Қазақстан дүнгендерінің республикалық этномәдени орталығының Алматы қалалық филиалының төрағасы Фарида Айдырқызы:

– Өскелең ұрпақты патриотизмге ғана емес, мәдениеттілікке, әдептілікке және қоршаған ортаны ластануға тәрбиелеуіміз қажет. Бұл – болашақ ұрпаққа қалдыратын ортақ мұрамыз, – дейді ол.

Іс-шара барысында жиналған қоқыстар арнайы техника арқылы белгіленген орындарға жеткізілді. Коммуналдық қызметтер де тазалық жұмыстарын үйлестіруге белсенді қатысып, сенбіліктің тиімді өтуіне атсалысты.

Алатау ауданында мұндай сенбіліктер тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, жастардың белсенділігі мен еріктілік қозғалысының дамуына серпін береді.

### 550 мың ағаш егілмек

Алатауда қаланы көгалдандыру және қалалық ортаны жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүріп жатыр.



Іс-шара барысында ән әуелеп, күй шертілді. Игі науқанға қатысып жатқан азаматтардың көңілі өрлеп сала берді. Ауқымды аймақты аз уақыттың ішінде жинастырып шықты.

Сенбілікте түрлі мандық иелері мен әртүрлі жастағы азаматтар топтасты. Мәселен, «Newman's Volunteers» ұйымының

еріктілері өздеріне тиесілі аумақты бірлесіп тазалап, сауалға кенелгенін айтады.

– Біз үшін мұндай іс-шаралар жәй ғана мезеленген аумақты тазалау емес, туған қаламызға деген шынайы сүйіспеншіліктің белгісі. Алматының жайлы, жасыл, таза болғанын қалаймыз, сондықтан мұндай бастамаларды әрдайым қолдаймыз, – деп

### «Журналистер аллеясы» ашылды

Алатау ауданында Алматы қаласы, Бостандық ауданында ауқымды сенбілік өтті. Игілігі мол бастама «Таза Қазақстан» республикалық науқаны аясында ұйымдастырылды. Алматылықтар Жароков пен Қожанов көшелерінің қиылысында орналасқан «Оңтүстік» саябағында таң бозынан бас қосты. Олар саябақты тазалап, ағаш отырғызды.

Айрықша акцияға мердігер ұйымдардың 500-ге жуық өкілі келді, 150 техника іске жегілді. Сенбілікке аудан тұрғындары мен қонақтар да бел шешіп, білек сыбана атсалысты. Жиынтық саны 1,5 мыңға жуық табиғатсуыер қала кеңістігін абаттандыруға үлес қосты.

Ұйымдастырушылар болса еріктілерге қажетті құрал-саймандарды (көлік, қоқыс қаптары, күрек, тырма) табыстап, ас-су ұсынды.

– Бүгін қала табиғатын көркейте түсу мақсатында блогерлер мен БАҚ өкілдерінің басын қостық. «Журналистер аллеясы» құрылып жатыр. Біз мұнда 3-5 жылдық дола-на көшеттерін отырғызып жатырмыз. Мұндай ағаштар тез жерінеді және 40 жылға дейін өсе береді. Бұл аллея қаланың болашағына қосқан үлесіміз деп білеміз. Келер ұрпақтың игілігіне айналысын, – деді урбанист-блогер Тихон Шутов.



Суретті түсіретін Каипер ҚОЛЫСҚА: АЕБ, Сауат СЕРІКОВ/АҚШАМ.



# «Шалқар» – ұлттың үні

**Биыл халқымыздың жадына айналған «Шалқар» радиосына 60 жыл толып отыр. Осынау жылдар ішінде қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді дер кезінде қозғап, оның басты тетігі, шешуші құралы ретінде де танылды. Осы орайда ұжымдағы әріптестерімізді мерейтоймен құттықтай отырып, «Шалқар» радиосының Бас редакторы Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН мырзаны азем әңгімеге тартқан едік.**

**– Болатбек Көрпебайұлы, өткен 60 жылға бір үңіліп көріңізші, осы уақыт ішінде қандай кезеңдерді бастан өткерді деп ойлайсыз?**

– «Шалқар» радиосының 60 жылдық тарихы – бұл қазақ мәдениеті мен руханиятының толқынына айналған ұзақ сапар. Сонау 1966 жылы эфирге шыққан алғашқы хабарлар тек ресми ақпарат таратуға арналды. Бұл сол кездегі тыңдарман үшін жаңалық қана емес, болашаққа үміт, ұлттық үнге алғашқы қадам еді. Аз уақыттан соң, яғни 1970–1980 жылдары радио мәдени бағдарға бет бұрып, қазақ музыкасы, поэзиясы, драматургиясы эфирде ерекше орын алды. Ал 1991–1995 жылдар «Шалқар» үшін тәуелсіздік алған жаңа Қазақстандағы сынақ кезеңі деуге болады. Сол кезде эфирді қайта құру, жаңа бағдарламалар дайындау, тыңдарманға ұлттық мәдениетті жеткізу үшін ардагерлеріміз күн-түн демей еңбек етті. Әрине, әр кезеңде де қиындық пен жетістік қатар жүреді емес пе?..

**– Сіз үшін «Шалқарды» «Шалқар» еткен басты ерекшелік не дер едіңіз?**

– Менің ойымша, «Шалқар» радиосын «Шалқар» ететін басты ерекшелік – оның отаншылдық рухқа адалдығы мен тыңдарманмен ұлттық құндылыққа негізделген байланысы. Басқа радиоарналар жаңалық пен ойын-сауыққа басымдық бергенде, «Шалқар» әрдайым қазақ тілін, салт-дәстүрді, қазақ әдебиеті мен дәстүрлі музыканы дәріптеуді басты мақсат етіп отырды. Әлі де сол бағытта келеді. Мысалы, 1980 жылдары эфирге шыққан «Қазақ поэзиясы» бағдарламасы мен ұлттық музыка мен халық шығармашылығын насихаттаған арнайы жобалар тыңдарманға ұлттық мәдениетіміздің тереңдігін сездірді. «Шалқардың» ерекшелігі – тек ақпарат тарату емес, тыңдарманға рухани бағыт беру. Бағдарламалардың құрылымы, жүргізушілердің стилі, сөз сапасы – бәрі бір мақсатқа қызмет етеді.

Басты мақсат – қазақтың үнін сақтау және жаңа буын ұрпаққа жеткізу. Сонымен қатар, «Шалқар» – дәстүр мен заманауи медианы ұштастыра білетін радио. Цифрлық платформалар мен подкасттар арқылы жастарға ұлттық мәдениетке қызығушылық туғызады, ал әлеуметтік желілер арқылы тыңдарманмен диалог орнатады. Сондықтан «Шалқарды» «Шалқар» ететін басты ерекшелік – ұлттық құндылыққа беріктігі, сапалы контент пен рухани байланыс арқылы халықтың жүрегіне жетуі. Ол тек радио емес, қазақтың үнін тыңдарманға жеткізетін мәдени институт болып саналады. Ұлттық үн, ұлттық рух. Әр бағдарлама, әр әуен, әр сөз ұлттық мәдениетпен үндес. Мысалы, 1985 жылы эфирде «Қазақтың домбыра әуендері» арнайы бағдарламасы эфирге шыққанда, тыңдарман өте ыстық ықыласпен қабылдаған.

**– Эфир шаңырағы үшін ең күрделі кезең қай жылдар болды?**

– Бірінші толқын, 1991–1995 жылдар болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, кадр тапшылығы, қаржылық қысқартулар және жаңа форматтағы

бағдарламаларды дайындау – барлығы бірге жүруі керек болды.

Сол сынақтар арқылы радио қызметкерлері кәсіби тұрғыдан шыңдалды. Екінші толқын 1999 жылдар болды. Өз тарихында «Шалқар» радиосы түрлі кезеңдерді бастан өткерді. 1999 жылдары экономикалық қиындықтарға байланысты арна жұмысы уақытша тоқтағанымен, 2002 жылы қайта жанданып, алғашында Алматы қаласы көлемінде ғана хабар тарата бастаса, кейін эфир уақыты ұлғайып, таралым аймағы кеңейіп, республика өңірлеріне тарады.

Бүгінде «Шалқар» радиосы ұлттық мәдениетті дәріптейтін, мазмұны терең, бағыт-бағдары айқын рухани арна ретінде тыңдарман қауымның зор ықыласына ие болып отыр. Радионың басты миссиясы – қазақ халқының ұлттық және рухани құндылықтарын сақтау, насихаттау және кейінгі ұрпаққа жеткізу.

**– Цифрлық платформа, подкаст, әлеуметтік желілер – бұл сіздер үшін мүмкіндік пе, әлде қауіп пе?**

– Әрине, мұны «Шалқар» радиосы үшін үлкен мүмкіндік деп қарастырамыз. Бүгінгі заманда тыңдарман көбінесе онлайн, смартфон арқылы ақпарат алады, сондықтан радио тек эфирмен шектелсе, аудиториясын жоғалту қаупі бар. Цифрлық платформалар арқылы біз тыңдарманмен әрдайым байланыста бола аламыз, бағдарламаларды қолжетімді етіп, жас аудиторияны да тартамыз. Мысалы, подкасттар арқылы бұрын эфирде бір рет қана берілетін бағдарламаларды қайта тыңдауға мүмкіндік туындайды, бұл ұлттық мәдениет пен әдебиетті кеңінен насихаттауға жол ашады.

Әлеуметтік желілер – тек ақпарат тарату құралы емес, ол тыңдарманмен диалог құру, пікір жинау, жаңа жобаларды сынап көру алаңы. Сол арқылы радио өз мазмұнын тыңдарман талабына қарай бейімдей алады. Әрине, бұл бағыттың өз тәуекелі де бар: сапасыз контент немесе шет тілдерінен көшірілген материал ұлттық рух пен қазақ тілінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан цифрлық кеңістікте жұмыс

істеу кезінде бізге ең басты бағыт – ақпараттың дәлдігі, сапасы және ұлттық құндылыққа адалдық. Цифрлық платформа – «Шалқар» үшін қауіп емес, дұрыс стратегиямен тиімді мүмкіндік, әсіресе, ұлттық үнді сақтау мен жаңа тыңдарманға жетудің басты жолы. Бірақ сапаға басымдық беру қажет. Көп контент жасасаң да, ұлттық дәстүр мен ақпараттың дәлдігі сақталуы керек.

**– Қазіргі ақпарат тасқыны заманында ұлттық радионың ролі қандай болуы тиіс?**

– Ұлттық радио – сапалы контент пен мәдени бағдар беретін басты құрал. Цифрлық заманда радио тек жаңалық көзі ғана емес, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау міндетін атқаруы керек.

Өзіңіз де белсінсіз, қазіргі ақпарат ағыны шексіз, минут сайын мыңдаған жаңалық, видео және посттар пайда болып жатыр. Сол жағдайда ұлттық радионың ролі ерекше, ол сапалы, тексерілген, ұлттық құндылықтарға негізделген ақпаратты жеткізуі тиіс. Радио тек жаңалық көзі ғана емес, мәдени бағдар, рухани ұстаз болуға міндетті. Қазақ тілін сақтау, дәстүр мен тарихты насихаттау, ұлттық музыка мен әдебиетті таныстыру – радионың басты миссиясы. Цифрлық платформалар мен подкаст арқылы жас аудиториямен байланыс орнатып, тыңдарманға тек ақпарат емес, мәдени бағыт пен ой салатын контент ұсынуы маңызды.

**– Алғаш эфирге шыққан «Шалқар» мен бүгінгі «Шалқардың» миссиясында айырмашылық бар ма?**

– Иә, бастапқы кездегі миссиясы тек ақпарат жеткізу болды. Қазір «Шалқар» – ұлттық мәдениетті сақтау, жастарға рухани бағдар беру, қоғамдық пікір қалыптастыру, сондай-ақ тыңдарманмен диалог құру міндетін атқарып келеді. Бұрынғыдай біржақты хабар тарату емес, қазіргі радио тыңдарманмен бірге жасайды, бірге ойлайды.

«Шалқар» – алғашқы кезде екі сағаттық бағдарлама болып, кешке қарай жеке толқында эфирге шықты. Мәселен, «Соңғы хабарлар» редакциясының қызметкерлері «Шалқар» бағдарламасы үшін де хабарлар әзірледі. Дулат Исабеков, Досан Жанботаев, Жеңіс Қашқынов, Қасымхан Ерсарин, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Серік Тұрғынбеков, Жеңіс Ақпанбет сияқты бір топ қаламгерлер, ақын-жазушылар, журналистер шағын ғана «Шалқар» бағдарламасына топтастырылды.

**– Радиода дәстүр сабақтастығы сақталған ба? Жас мамандар «ескі мектепті» қабылдай ма?**



– Әрине, дәстүр сабақтастығы сақталған. Бұл, ең алдымен, дикция, эфир мәдениеті, тақырыпты зерттеу, сұхбат алу. Жастар бастапқыда ескі мектептен қорқуы мүмкін, бірақ тәжірибелі әріптестермен жұмыс істеу арқылы кәсіби деңгейге жетеді. Мысалы, 2000 жылдардың басында жас жүргізушілерді стартап бағдарламалар арқылы үйретіп, бүгінгі кәсіби мамандарды дайындаған. Бүгінгі ұрпақтың үйренетін нәрсесі – эфир мәдениеті, тақырыпты терең зерттеу және ұлттық рухты сақтау.

**– «Шалқарды» ұлттың үні деп жатамыз. Ұжымның мақтаншпен айтатын сәттері көп болды ма?**

– Бұл – ең алдымен жауапкершілік. Эфирде сөйлеу ғана емес, әр сөздің салмағын сезіну, тыңдарманға жеткізетін әр хабардың маңызы зор. Қазіргі кездегі ең осал тұсымыз – тіл. Жастар көбіне шетелдердің тілдеріне қызығады, ал қазақ тіліндегі сапалы контент аз. Сондықтан тілдік бағдарламаларға баса мән беруіміз керек. Мысалы, 2010 жылы біз қазақ тілінде жаңа жастар бағдарламасын дайындап, оны цифрлық платформада тарату арқылы тілге қызығушылықты арттырдық.

Ұлттық музыка мен қазақ әдебиетіне қатысты дүниелерді эфирге шығарған кездер. Сонымен қатар, «Шалқар» радиосының тікелей эфир студиясын заманауи тұрғыда жөндеуден өткізіп, Қазақстанның халық артисі, диктор Әнуарбек Байжанбаевтың атын беріп, Әнуарбек Байжанбаев атындағы дикторлар байқауын өткізгеніміз және жақында ғана «Шалқар» радиосының толық жөндеуден өткен жаңа студияға қазақтың тұңғыш радио дикторы, Қазақ радиосының ардагері, КСРО-ның құрметті радисі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Мина Сейітованың есімін бергенімізді мақтан тұтсақ жарасар. Әрі алдағы «Шалқар» радиосының 60 жылдығы аясында радио тарихында тұңғыш жарық көргелі отырған «Ұлттық үнбайрағы – «Шалқар» радиосына 60 жыл» атты кітап пен өткізгелі жатқан дикторлар байқауы да игілікті ісіміз деп білеміз.

**– Алдағы 10–20 жылда радио ұжымын қандай белестен көргіңіз келеді?**

– Біз интерактивтік бағдарламалар, подкасттар және әлеуметтік желідегі белсенділікке баса мән береміз. Мысалы, 2020 жылы іске қосылған «Шалқар онлайн» жобасы арқылы жас аудиториямен байланыс орнаттық. Егер контент заманауи формада, жас аудиторияға қызықты етіп ұсынылса, ол неге «тар шеңбер» болу керек? Мен сізге бір ғана мысал айтайын, «Ұлттық музыкаға саяхат» бағдарламасы Spotify арқылы миллиондаған тыңдарман жинады.

Цифрлық платформалармен толық интеграцияланған, тыңдарманмен тығыз байланыс орнатқан, ұлттық дәстүрді сақтайтын, жастарға шабыт беретін радио болса деймін.

**– Әңгімеңіз үшін рахмет.**

Сұхбаттасқан  
Рая ЕСКЕНДІР.



## СТУДЕНТ ІЗДЕНІСІ

# Ғұмырын халқына арнаған қаламгер

**Қазақ халқының салт-дәстүрін зерттеуге, оны болашақ ұрпаққа мұра етуге арнаған Зейнолла Сәнік барша қазаққа мәлім. Ел руханиятына сіңірген орасан зор еңбектерімен ол ел есінде абыз ақсақал, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, бір сөзбен айтқанда, пассионарлық тұлға бейнесімен қалды.**

Зейнолла Сәніктің бар ғұмыры Қытай Халық Республикасында өткенмен, күллі саналы ғұмырын туған халқының тарихын зерттеуге арнады. Қазақ тарихына байланысты рухани мұрамызды, тарихи деректерді арнайы жинақтап, жазып, Шыңжаңдағы қазақ тілінде шығатын баспасөз бетінде жариялап отырды. Қаламгер қазақ халқының рухани мұрасын барша жұртқа танытудан жалықпаған.

Қаламгердің артында қалған көл-көсір жазбаларды парақтай отырып, оның әсіресе соңғы оншақты жыл ішінде сарқылмас шабытпен еңбектеніп, шығармашылық саласында барынша жемісті еңбек еткенінің куәсі боламыз. Қарап отырсақ, қазақтың халық емшілігі, тарихы мен этнографиясына, әдебиет тарихы мен сынына, фольклорына, тіпті музыкатануға қатысты зерттеу еңбектері, расында да, жазушының аталған салалар бойынша көп ізденіп, орасан зор материалдар жинағанын аңғарта түседі.

Мәселен, қазақ этнографиясы мен емшілік өнер туралы еңбектерінде тек өзі естіп-білгендерін баяндап қана қоймай, оған сан түрлі салыстыру, ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып толықтырулар енгізілген. Ал тарихи тұлғаларға арналған Қабанбай батыр, Тұғырыл хан, Сүлеймен бұл туралы еңбектерінде тарихи тұлғалардың елі мен жері үшін нар тәуекелге барғандары, қиян-кескі соғыстағы арпалыстары ерекше суреттелген. Тек батырлық



қасиеттері ғана емес, ақыл-парасаттары әр қырынан сипатталған.

Зейнолла Сәнік қалам тартқан жанрдың бірі – әңгіме. Бірақ автор оны ешқашан көркем әңгіме деп атап көрсетпегені таңдандырды. Жанрын «Шалқыма әңгіме – новеллалар» деп атаған көрінеді. Осы новеллаларының көбісі балаларға арналған, танымдық мәні жоғары дүниелер. Шығармашылығының негізі өзегі болатын көркем туындылары, оның ішінде жиырмаға таяу көркем

әңгімелері мен хикаяттары және «Бесбай», «Сергелдең» романдары қаламгердің сөз өнеріндегі көркемдік талғамын, қалам қарымының қуатын танытады. Көркем шығармаларында қазіргі жастар бірден түсіне қоймай, тосырқай қарайтын, алайда өзінің тарихи әрі тілдік маңызы жағынан төл әдебиетіміздің сөздік қорын байыта түсетін сөздерді қолданысқа енгізіп, халыққа ұсына білген талантты суреткер.

Қаламгердің «Табиғат тәлімі» әңгімесіне айрықша тоқталуға болады. Өте жеңіл, әрі тағлымдық мәні мол бұл әңгімесінде адам өміріндегі ең бақытты шақ – балалық шақты қозғаған. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы жетінші қара сөзінде «Жас бала андан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Ал біреуі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деп тұрады...» деген еді. Осы қара сөзде жазылған бала бойындағы қызығушылық қасиеттерді Зейнолла Сәнік әңгімесіне арқау қылып тірілте түскен.

Әңгіменің кейіпкері Солтан екеуі ауылды, орманды аралай, әр нәрсеге бір қызығып, табиғат тылсымын танып, түрлі хайуанаттар мен жәндіктердің іс-әрекетіне үңілумен болады. Сондай бір демалып отырған сәтте Солтан балағынан кіріп, аяғын жыбырлатқан құмырсқаны жаншып тастайды. Солтан сонда бейшара құмырсқаны мыжып жібергеніне өкіне, досына құмырсқалардың еңбекқорлығы жайлы барлық ақпаратты әңгіме етеді.

Бұл бүлдіршін оқырмандарға бір жағынан үлкен таным. Автордың ғылыми дүниетанымының кеңдігі, дала сырларына жетік болуы таңдай қақтырады.

Құмырсқаның организмін, олардың өмір сүру қарқынын, табиғатқа қандай әсері барын, ауа райымен қаншалықты байланысы болатынын Солтан түгелдей баяндайды. Білімпаз баланың досына айтқан әңгімелері барша оқырмандарға да өз пайдасын тигізді, таным көкжиектерін кеңейтті. Әңгіме бір жағынан автордың интеллектуалдық танымына, сыршылдық қабілетіне жетелейді. Шығарма табиғат пен қазақы жоралғылар арасындағы беріктік те өте шебер жазылған.

З.Сәнік шығармасын тұтастай қарағанда оның қазақ руханиятына жан-жақты үлес қосқан тарихи тұлға деп тани аламыз. Алмағайып заманда тасанда қалған, ұрпақ санасынан ендігі өшуге айналған, халық арасында ілуде біреудің ғана жадында қалған тарихымызға, әдебиетімізге, мәдениетімізге қатысты барша деректерді зерттеп, оларды ой таразысынан өткізіп, тәптіштеп түсіндірмелер жазып, қағаз бетіне түсіріп кетті. Бұл жәй ғана түсіндірме емес, бұл – құнды дерек.

Зейнолла Сәніктің талантты суреткер екенін атап айтқан едім, оның әр шығармаларындағы әрекеттер сипаттайтын суреттерімен сай, шебер жазылған. Егер де біздер Зейнолла Сәніктің әрбір шығармасын оқыған сайын жаңа дүниелерді үйренер болсақ, жәй ғана үйреніп қана қоймай, шебер пайдалана біліп, зерттеулерін әрі қарай жалғастырсак, жазушының арманын толыққанды орындап, қазақ халқының тамырын тереңге жаямыз деген ойдамын.

**Аяулым МЕЙРАМХАНҚЫЗЫ,  
Журналистика факультетінің  
2-курс студенті.**

## БІЛІМ

**Әуезов ауданындағы №173 мектеп-лицейінде кітап оқу ондағы оқушылардың ортақ дағдысына айналған. Ләйла Байымбетова жетекшілік ететін білім ордасында Халықаралық кітап күніне орай «Жарты сағат кітап оқиық – тұлғалық даму негізі» тақырыбында ерекше форматтағы семинар өтті. Кітапты тек білім көзі емес, тұлға қалыптастырудың маңызды құралы ретінде ұсынуды мақсат еткен шараның оқушылар үшін маңызы зор болды.**



Рая  
ЕСКЕНДІП

Бұл жолы дәстүрлі баяндама мен есептің орнына нақты нәтиже көрсетілді. Арнайы оқу кеңістігінде оқушылар оқыған кітаптарының әсерін түрлі форматта жеткізді. Бірі көркем ойды сурет арқылы көрсетсе, енді бірі эссе жазып, талдау қабілетін көрсетті. Кітап пен ұлттық өнердің үндестігі күй арқылы көрініс тауып, рухани тәрбие мен құндылықтардың маңызы айқындалды. Ал ғылыми бағыттағы жұмыстар оқушылардың алған білімін тек қабылдап қана қоймай, оны зерттеп, қолдана алатынын дәлелдеді.

Семинарда олимпиада мен байқау жеңімпаздарының жетістіктері де танытырылды. Олардың табысы жүйелі кітап оқудың нақты нәтижеге жеткізетінін көрсетті. Көркем мәтінді мәнерлеп оқу мен шағын театрлық қойылымдар да көрермен назарын аударды. Бұл тәсіл оқушылардың мәтінді терең түсінуіне әрі сахна мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Іс-шара соңында қатысушыларға кітаптар сыйға тартылып, оқырман мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстың маңыздылығы тағы бір мәрте

## ОҚЫРМАН МЕКТЕП

оқушыларды кітапқа баулыған білім ордасы



атап өтілді. Жоба авторы, №73 мектеп-лицейінің педагог-шебері Ақмарал Шәтемірқызының айтуынша, бастама Мемлекет басшысының кітап оқуды дамыту туралы тапсырмасынан кейін қолға алынған. «Жарты сағат кітап оқу» жобасы бүгінде төрт бағытта жүзеге асады: дұрыс оқу әдісі, мазмұндау, жазу және ғылыми зерттеу. Нәтиже де нақты: оқушылар кітап негізінде ғылыми жобалар әзірлеп, жоғары оқу орындарына грантпен түсіп, тіпті өз еңбектерін кітап етіп шығара бастады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, күнделікті кітап оқуға уақыт бөлу оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Ұйымдастырушылар жоба аясында төрт бағытта жұмыс істейді. Айталық, кітапты дұрыс оқу әдістері, оқығанды әңгімелеу, кітап туралы жазу, оқылған материалды ғылыми жобаға айналдыру. Осы негізгі бағыттардың нәтижесінде оқушылар оқыған кітаптарын зерттеп, тіпті одан дербес мақала жазуға қабілетті бола түскен.

Мысалы, 2023-2024 оқу жылында жоба алғаш басталған кезде 11-сынып оқушысы Сәрсенбай Әбдурахим күн сайын жарты сағат кітап оқу арқылы оқу жылының соңында 18 кітапты тауысқан. Әрі ол әр кітапты ұстаздары мен сыныптастарына мазмұндап беріп отырған. Бұл оның жоғары оқу орнына түсуіне де тиімді көмек бере алған дейді жетекшілері. Нәтижесінде ол С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне грантқа түсті. Кейін өзі бұл жобаның керісінше ойды жинақтауға, дайындалуға үлкен көмегі болғанын айтты.

Тағы бір шәкірті Ералхан Айым 5-сыныптан бастап осы дағдыны қалыптастырған. Ол соңында ҰБТ-да 137 балл жинап, жоғары нәтиже көрсеткен, әрі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне грантқа түскен. Бұл мы-



салдар арқылы Ақмарал Шәтемірқызы кітап оқудың балалар дамуына қаншалықты оң әсер беретінін жеткізгісі келеді.

Бұл бастаманың тағы бір маңызды қыры – оқу процесінің жүйелілігі. Мектепте кітап оқу кездейсоқ әрекет емес, нақты жоспарға негізделген тұрақты жұмысқа айналған. Оқушылар тек оқып қана қоймай, оны талдап, өз ойымен бөлісіп, шығармашылық өнімге айналдыруға дағдыланған. Мұндай тәсіл олардың сыни ойлауын қалыптастырып, ақпаратты терең меңгеруіне мүмкіндік береді.

Жалпы, №173 мектеп-лицейіндегі тәжірибе кітап оқуды дәріптеудің тиімді моделін көрсетіп отыр. Қарапайым ғана «күнне 30 минут» қағидасы оқушылардың білім сапасына, ойлау деңгейіне және өмірлік ұстанымына оң әсер етіп, нақты нәтижеге жеткізуде. Бұл – бүгінгі білім беру жүйесінде кеңінен таратуға лайық табысты тәжірибелердің бірі.



## ДӘРИГЕР КЕҢЕСІ

## Скринингке сергек қарайық

**Денсаулық саласында жасы дұлғайған адамдар мен тұқым қуалайтын ауруларға бейімділігі бар жандарға ерекше көңіл бөлінеді.**

Сондықтан елімізде онкологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру және қатерлі ісіктерді ерте анықтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Алматы онкологиялық орталығының дәрігер-онкологы Ақбота Әділова оқырмандарымызға уақытылы тексерілудің маңызы туралы айтып берді.

«Онкологиялық аурулардың басым бөлігі бастапқы кезеңде айқын белгісіз өтеді. Сондықтан тұрақты скрининг – ауруды ерте анықтап, емді дер кезінде бастауға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл. Ерте

диагностика науқастың өмір сүру ұзақтығы мен сапасына тікелей әсер етеді. Ауру неғұрлым ерте анықталса, толық сауығып кету мүмкіндігі соғұрлым жоғары», – дейді ол.

Оның айтуынша, денсаулық сақтау жүйесінде онкологиялық және әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтауға бағытталған скринингтік тексерулер жүргізіледі. Атап айтқанда, 40–76 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы және мінез-құлыққа байланысты қауіп факторларын анықтауға арналған скринингтерден өтеді.

Сонымен қатар, 40–76 жастағы әйелдерге – екі жыл сайын сүт безі қатерлі ісігіне, 30–74 жастағы әйелдерге – төрт жыл сайын жатыр мойны обырына, ал 50–76 жастағы ерлер мен әйелдерге – екі жыл сайын колоректальды қатерлі ісікке тексеріледі. Бұдан бөлек, ер азаматтарға ми қан айналымы бұзылысын анықтауға арналған скрининг қарастырылған.

Егер себепсіз салмақ жоғалтып, ұзақ уақыттан бері денеңізді әлсіздік жайлап, денеде әлдебір түйіндер пайда болып, біраздан бері жөтеліп, қанды бөліністерді байқап жүрген болсаңыз, дереу дәрігерге қаралған дұрыс дейді маман. Ал осы белгілерді ерен санамай жүріп алу, уақытылы тексерілмеу қатерлі дерттің өте кеш анықталуына және емдеу үдерісінің күрделенуіне әкелуі мүмкін екенін ескертеді.



## МАМАН МІНБЕРІ

## Жүректің қамқоршысы

**Кардиология және ішкі аурулар F3I Консультациялық-диагностикалық орталығының жоғары санатты кардиолог дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты Ботагөз Қыстауованың 30 жылдық еңбек жолында еңбек кітапшасында тек екі ғана жазба бар. Біреуі – Алматының №2 қалалық емханасы және қазір жұмыс істеп жүрген орны.**

Орта мектепті тәмамдаған жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының (қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) Емдеу факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын аяқтаған соң, 1997 жылы еңбек жолын Алматы қаласының №2 емханасында терапевт-дәрігер болып бастап, онда 6 жыл жұмыс істейді. 2003 жылы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасына оқуға түседі. Оқуын аяқтағаннан кейін осы мекемеде қызметін жалғастыру туралы ұсыныс алып, содан бері, яғни 23 жыл бойы осы институтта еңбек етіп келеді.

Иә, Ботагөз Жұмабекқызы өмірін жауапкершілікті, жанашырлықты, ұқыптылықты, мейірімділікті және адамға көмектесуге деген шынайы ниетті талап ететін мамандықпен байланыстырды.

Аталған институттың Консультациялық-диагностикалық

орталығына күн сайын көптеген пациент келеді. Былтыр орталыққа 14 791 пациент қаралған, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 700 адамға артық. Қаралу санының артуы КТ, МРТ, функционалдық диагностикалық аппараттар сияқты қызметтердің қолжетімділігінің кеңеюімен, сондай-ақ жоғары технологиялық және мамандандырылған медициналық көмектің толық спектрінің көрсетілуімен байланысты. Жыл бойы орталыққа еліміздің барлық дерлік өңірінен тұрғындар жүгінген, жақын және алыс шетел елдерінің азаматтары да бар.

**Ботагөз ҚЫСТАУОВА,**  
жоғары санатты кардиолог:

– Кішкентай кезімде қатты ауырып қалып, амам мені емханадағы педиатрға ертіп барғаны есімде. Аппақ халат киген әйел-дәрігер балаларды қабылдап, күлімсіреп, бізбен жылы сөйлесті. Кабинет іші жарық, таза әрі жайлы болатын. Маған бәрі қатты ұнады. Сол сәттен бастап аппақ дәрігер апай сияқты болуды армандадым.

Адам өмірінен асқан қымбат құндылық жоқ. Қиындықтарға қарамастан, пациенттердің өмірін ұзартып, ауруды жеңілдетуге мүмкіндік беретін мамандығымды жақсы көремін. Көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ұйымшыл, ауызбіршілігі жарасқан ұжымым да маған ерекше қымбат. Адамдарға толыққанды өмір сүруге көмектесу, өз күшіне деген сенім мен сауығуға үміт сыйлау – мен үшін үлкен бақыт. Ал алғысқа толы жылы сөздер – біз үшін ең үлкен марапат.



## КҮРДЕЛІ ОТА

## Тағамдағы қоспалар

ауруханадан бір-ақ шығарды

**Алматы дәрігерлері ішінде жеткендей әсер қалдыратын алып ісігі бар науқастың өмірін сақтап қалған бірегей ота жасады.**

68 жастағы әйел іш құрылысындағы әлдебір жайсыздықты сезген, бірақ дәрігерге қаралмаған. Хәлін туыстарынан да жасырып айтамаған. Өз бетінше емделмек болып, жаман ойға берілмеуге тырысып, тағамға қосылатын әртүрлі биологиялық белсенді қоспаларды қабылдаған. Тіпті, әлгі ББҚ-ларды сатып алуға ақшасы жетпей, несие де рәсімдеген болып шықты. Алайда, ешқандай нәтиже болмай, ісік жедел өсе берген. Сол күйімен екі ай жүрген. Тек жағдайы күрт төмендеп бара жатқанын сезгенін ғана Алматы онкологиялық орталығына келген.

Науқасты орталықтың онкохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Балтаев қарап, компьютерлік томографияны қоса алғанда, тексеру кезінде іш қуысы мен жамбас қуысында алып ісік анықталған. Белгісіз ісік іш қуысына толығымен жайылып, жамбас қуысына дейін созылып кеткен.

Дәрігерлер ота алдындағы қажетті дайындықты жүргізгеннен кейін операцияны шұғыл жасау туралы шешім қабылдаған. Сөйтіп, әйелдің ішінен салмағы шамамен, 25 келі болатын ісік алынды. 2-2,5 сағатқа созылған күрделі отаны онкохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Балтаев және оның көмекшісі Ғалым Сармаш жүргізді.

Гистологиялық зерттеу нәтижесінде әйелге «некроз аймақтары бар дифференциалданған ретроперитонеальды липосаркома» диагнозы қойылды. Яғни бұл қатерлі ісік деген сөз. Науқас қазіргі



уақытта химиотерапидан өтуде және мамандардың жіті бақылауында.

Осы ретте дәрігерлер өзіңізді мазамай бастаған әлдебір жайсыздықты жасырмай, бірден маманға бару керектігін және дәлелденбеген белгісіз емдеу әдістеріне сүйенудің қауіптілігін ескертеді.

## БІЛГЕНІЗ ЖӨН

**Қазір екінің бірі көлік мінеді. Демек, қимыл-қозғалыс аз. Ал қозғалыстың аздығы – көзге көрінбейтін, бірақ өте қауіпті фактор. Ол біртіндеп денсаулыққа әсер етіп, түрлі аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан күнделікті қозғалыс нормасын білу өте маңызды.**

## Көбірек жаяу жүріңіз

Күніне қанша жүру керек?

- 8000 – 10 000 қадам (шамамен, 5–7 км);
- 30–60 минут белсенді қозғалыс керек.

**Қозғалыссыз өмірдің зияны:**

- зат алмасу баяулайды;
- артық салмақ пайда болады;
- жүрек ауруларының қаупі артады;
- арқа, мойын ауырады.

**Сондықтан:**

- лифтімен емес, баспалдақпен көтеріліңіз;
- жақын жерге жаяу барыңыз;
- әр 1 сағат сайын 5–10 минут қозғалыс керек;
- ұялы телефонмен сөйлескенде жүріңіз.

**Кеңседе жұмыс істейтіндерге:**

- шағын жаттығу жасаңыз;
- үзілісте сыртқа шығыңыз;
- орындықта дұрыс отырыңыз;
- кешкі серуенді әдетке айналдырыңыз.

**Пайдасы:**

- жүрек ырғағы қалыпты болады;
- иммунитетті күшейтеді;
- көңіл күйді көтереді;
- ұйқыны жақсартады.

**Бұдан шығатын қорытынды:**

**күнделікті қозғалыс – қымбат дәрілердің орнын басатын ең қарапайым құрал.**

Бетті әзірлеген  
Нұржамал ӘЛІШ.



# «Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

## 2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

### ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.
8 айға – 6687,68 теңге.	8 айға – 11454,64 (қала), 8287,68 (ауыл) теңге.	8 айға – 4927,68 теңге.

### Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктік картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

## Кененің де кесапаты бар

**Алматы маңы эндемиялық аумаққа жатады. Олай дейтіміз – қауіпті инфекция тарататын иккод кенесі көп ұшырасады. Қалада кенеге қарсы дәрілеудің бірінші кезеңі басталды.**

Нұржамал ӘЛІШ

Дәрілеу жұмысы аумағы 2366 гектардан асатын орман алқабын, қала саябақтары мен алаңқайларды қамтымақшы. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова осылай деп хабарлады.

Оның айтуынша, наурыздан бері кене шаққандардың өтінішіне апта сайын бақылау жасала бастады. 25 наурызға дейін дәрігерлерге 78 адам жүгінген. Зардап шеккендердің жартысынан көбі 14 жасқа дейінгі бала. Барлығына уақыттың көмек көрсетіліп, қажет еткендерге кенеге қарсы иммуноглобулин де егілген. Ал кенеден жұғатын инфекция тіркелмеген. Былтыр вакцина алмағандардың арасында кене энцефалитін жұқтырған 4 адам мен кене боррелиозы табылған 2 адам анықталыпты.

«Кене энцефалитінің алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Екпені ең алдымен табиғи

ортада тұратын, сонда жұмыс істейтіндерге ұсынады. Вакцинация аурудың ауыр өту қаупін едәуір төмендетеді. Қала тұрғындарын осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға шақырамыз», – дейді Әсел Қалықова.

Қазір қалада 1719 адам вакцина алған. Медициналық ұйымдарда кене энцефалитіне қарсы 1494 доза вакцина бар, қосымша 18 мың доза жеткізу жоспарланып отыр.

Кенеге қарсы дәрілеу жұмысы бекітілген кесте бойынша, күн райын ескере отырып жүргізіліп, 21 сәуірге дейін жалғасады. Қалада қазірдің өзінде 250,95 гектар аумақ өңделіп, бұл жоспарланған көлемнің 10,6%-ын құрайды. Жұмыс қазір Алатау, Алмалы мен Әуезов ауданында толық аяқталған. Дәрілеуді бастамас бұрын мамандар аумақтарды тексеріп алады.

Биыл 8 орман алқабын, 101 қалалық саябақ пен алаңқайды өңдейді. Ең үлкен жұмыс Медеу ауданында жүргізіледі. Мұнда Медеу, Бұтақты мен басқа да табиғи аумақтарды қоса алғанда 1468 гектардан астам жерді дәрілемекші.

### Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің көрсететін мемлекеттік қызметтері:

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады [www.egov.kz](http://www.egov.kz) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАК»-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «Egov.kzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметті автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні. Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

### Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

«Заң мен Тәртіп»

### Құрметті тұрғындар!

Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы Желтоқсан көшесі, 172 мекенжайында орналасқан әкімшілік ғимаратты қайта жаңарту бойынша қоғамдық тыңдау өтеді.

Күні: 2026 жылғы 3 маусым.

Уақыты: 11.00.

Өтетін орны: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 172.

#### Қоғамдық тыңдаудың мақсаты:

- Тұрғындарға ғимаратты қайта жаңарту жоспары туралы түсіндіру;
- Жобаны бірге талқылау;
- Тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлерін жинау.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 1 маусым, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көше, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынұмарлар, алқалар).  
Лоттар саны – 143 дана.  
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе [land@ltn.kz](mailto:land@ltn.kz) электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 15 мамыр, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.  
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10** телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 1 маусым, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынұмарлар, алқалар).  
Лоттар саны – 396 дана.  
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе [lemon@ltn.kz](mailto:lemon@ltn.kz) электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 15 мамыр, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.  
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10** телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**  
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІП**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**  
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)  
тел.: 293-08-25  
8 707 948 73 78

### Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

### ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**

E-mail:  
[alatauqparat@gmail.com](mailto:alatauqparat@gmail.com)

Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.  
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –  
**Досбол АТАЖАН**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.





# ЕЛ КЛАССИКАСЫ

## «Қайрат» өз алаңында «Астанаға» дес бермеді



Осылайша 22-минутта қарымта шабуылдан кейін Дастан Сәтпаев есепті еселеді. Нәтижелі пас авторы – Ойва Юккола. Ал 40-минутта Дастанның өзі ассист беріп, Жоржиньо бұл ойындағы екінші добын соқты. Мұнымен қоймай, бірінші таймға қосылған қосымша минуттарда «Қайрат» тағы бір гол соғып үлгерді. Төртінші допты «Астана» қақпасына Александр Мартынович кіргізді. Матчтың екінші жартысында елордалықтар жұбаныш голын соғудан гөрі, бесінші допты өткізуге жақын болды. Нәтижесінде ойын «Қайрат» өз алаңында 4:0 есебімен жеңіске жетіп, ел біріншілігінің кестесінде көш бастады. Төртінші турдан кейін алматылықтар 10 ұпаймен 1-орында. Екінші, үшінші және

төртінші орындарда 8 ұпаймен «Ордабасы», «Елімай» және «Оқжетпес» тұр. 7 ұпайы бар «Астана» 5-орынға түсті.

– Бүгінгі жеңіске өте қуаныштымыз. Өткен жылы «Астанамен» екі матч өткізіп екеуінде де тең түскен едік. Сондықтан биылғы текетіресті жеңіспен бастағымыз келді. Матчқа мұқият дайындалып, қарсыласты егжей-тегжейлі зерттедік. Жаттығуда пысықтаған дүниелеріміздің көбі іске асты. Жанкүйерлерімізге алғыс айтқым келеді, стадион тағы да лық толы болды. Олар голдың көп болғанына риза болды деп ойлаймын. Жалпы алғанда, ойынға да, нәтижеге де көңіліміз толады, – деді «Қайрат» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

#### Тазалық мәдениеті

Алматыда «Қайрат» пен «Астана» командалары арасында матч өтіп, ол соңғы уақыттағы ең әсерлі спорттық оқиғалардың біріне айналды. Ойын басталған сәттен-ақ жанкүйерлердің қызу қолдауы байқалды: стадион лық толып, жанкүйерлер нағыз футбол мерекесінің көңіл күйін сезінді. Әр сәтке деген эмоция мен біртұтас қолдау мыңдаған жанды біріктірді.

Матч барысында экологиялық мәдениет пен жауапкершілік мәселесіне ерекше мән берілді. «Таза Қазақстан» бастамасы іс-шараның маңызды бөлігіне айналып, бұқаралық жиындар кезінде де қоршаған ортаны аялаудың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Матч біткесін стадионда тазалық жұмыстары қолға алынды. Еріктілер бірден іске кірісіп, тіпті кейбір жанкүйерлер өз еркімен тазалық жұмыстарына атсалысты. Бұл – іс-шараның басты ерекшелігі еді. Көптеген көрермен де бей-жай қалмай, трибуналардағы қоқысты жинауға қолұшын созып, жоғары азаматтық жауапкершілік танытты. Бірлескен еңбектің арқасында стадион аумағы қысқа мерзімде толық тазартылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастамалар қоғамда оң көзқарас қалыптастырып, тазалық пен тәртіпке деген құрметті арттырады. Бұл матч тартысты ойынымен ғана емес, жанкүйерлердің ауызбіршілігімен де есте қалды. Олар командаға жанкүйер болу мен қала тазалығына қамқорлық жасаудың қатар жүре алатынын іс жүзінде дәлелдеді.



#### Құрметті меймандар

Алматыда «Қайрат» пен «Астана» футбол клубтары арасындағы ойын барысында 2026 жылғы қысқы Паралимпиадаға қатысқан спортшылар құрметті қонақ ретінде арнайы шақырылды.

Паралимпиадашылардың келуі матчтың маңызын арттырып, бейімделген спортты дамыту мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдаудың өзектілігін айқындай түсті. Қонақтар қатарында 2026 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы әрі қола жүлдегері Ербол Хамитов та болды. Ол халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, еліміздегі паралимпиадалық спорттың белді өкілдерінің бірі. Оның жетістіктері табандылықтың, қайсар рухтың және спортқа деген шынайы адалдықтың айқын дәлелі. Матч аясында паралимпиадашылар стадионды құрмет шеруімен айналып өтіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Жанкүйерлер оларды зор қошеметпен қарсы алып, ұзақ уақыт қол соғып қолдау білдірді. Бұл көрініс кештің ең әсерлі сәттерінің біріне айналып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

### Футболдан Қазақстан чемпионаты аясында «Қайрат» пен «Астана» командалары Алматыда жолықты. Жанкүйерлер арасында ел классикасы аталған бұл ойын Орталық стадионда өтті.

Матч билеттері сатылымға шыға салысымен бірнеше күнде толық сатылып кеткен болатын, ал ойын күні стадион жанкүйерге лық толды. Өткен маусымның соңғы кездесуінде дәл осы алаңда чемпиондықтан айырылып қалған елордалық команда бұл жолы есе қайтаруға келді. Ал алматылықтар өз жанкүйерлері алдында жеңілмек түгілі, тең нәтижені қанағат тұтпайтынын да білдірген.

Рафаэль Уразбахтин азулы қарсыласқа қарсы бес қаруын сайлап шықты. «Қайрат» сапында Анарбеков, Мартынович (капитан), Сәтпаев сынды негізгі ойыншылардың барлығы алғашқы минуттардан ойынға

кірісті. Жаңа маусым алдында командаға қосылып, өздерін жақсы көрсетіп үлгерген Оксанен, Юккола және Африко да негізгі құрамда болды. Ал қаржылай қиындықтарға байланысты бірқатар маңызды ойыншыларынан айырылғанына қарамастан, «Астана» құрамы да әлсіз болған жоқ. Ұлттық құрама ойыншылары Сейсен, Вороговский, Қасым, Қараман, сондай-ақ Босния және Герцеговина сапында Әлем чемпионатына жолдама алған Башич сынды футболшылар елордалық ұжымның намысын қорғады.

Матч алғашқы минуттардан-ақ тартысты басталды. Екі командада ойынды басқарып, қарсыласының осал тұсын табуға тырысты. Ортадағы тартыс кезінде өз мүмкіндігі алаң қожайындары ұтымды пайдаланды. Сәтпаев Эдмилсонға, ол Жоржиньоға дәл пас беріп, португалиялық футболшы 10-минутта есеп ашты. Жоржиньоның голы ойын өрнегін айтарлықтай өзгертті. Есепте алға шыққан алматылықтардың іс-әрекеті сенімді бола түссе, алаң қонақтарының қателігі көбейді.

## ALMA CUP 2026

### ЖОО арасында ауқымды спорттық турнир басталды

Алматыда бұқаралық спортты дамытуға және жастарды салауатты өмір салтына тартуға бағытталған жоғары оқу орындары арасындағы ALMA CUP 2026 спорттық турнирі басталды. Мегаполис жастарын қамтитын жоба қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылып жатыр.



Ұйымдастырушылардың айтуынша, ALMA CUP 2026 16-дан 35 жасқа дейінгі студенттер мен қала жастарын біріктіріп, жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылдың ең ауқымды спорттық алаңдарының біріне айналады. Турнирге 100-

ден астам команда мен 1000-нан астам қатысушы қатысып жатыр. Бағдарламаға футбол, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика және ұлттық спорт түрі – қазақша күрес сынды спорттың бес түрі енген. Ұлттық күрестің енгізілуі дәстүрлі құндылықтарды дәріптеуге және жастардың мәдени бірегейлігін нығайтуға бағытталған.

Жарыстар осы аптада басталып, 25 сәуірге дейін Алматының жетекші жоғары оқу орындары мен спорт нысандарында



өтеді. Турнир форматы – олимпиадалық жүйе (жеңілген команда жарыстан шығады), бұл жоғары бәсекелестік деңгейі мен нәтижелердің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, турнирге кәсіби жоғары дәрежелі спорттық разряды жоқ қатысушылар да қатыса алады, яғни жоба бұқаралық қатысуға бағытталған.

– Жоба бұқаралық спортты дамытуға, тұрақты жастар қауымдастықтарын қалыптастыруға және студенттер мен қала

жастарының әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған. ALMA CUP жыл сайын өткізілетін қалалық жоба ретінде қарастырылып, оны әрі қарай кеңейту мен дамытуға үлкен мүмкіндік бар. Бұл бастама Алматы жастары үшін негізгі спорттық платформаға айналуы мүмкін, – деді қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілдері.

Бетті әзірлеген  
Досбол АТАЖАН.